

Осы бір ылғи күлімсіреп жүретін жылы жүзді жанды Қарашығанақ кенішінде танымайтындар тым сирек болар. Өзін Лука деп қысқа ғана атағанды ұнататынын білетін жұрт оған әр тілде "Сәлем, Лука" деп амандасып жатады, ал, оның олармен қай жерде танысқаны есіне түспей қалатын кездері де болады. Оның да өзіндік себептері бар.

Қазақ жеріне алғаш аяқ басқанына үш жылдан асқан Италия азаматы Жанлука Кларенцаның осы елге, оның халқына, мәдениеті мен өнеріне деген қызығушылығы осы жерден көптеген



Жанлука Кларенца өз оқушылары арасында

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАНЛУКА

достар табуына өсер етті.

Бос уақытында сурет салу өнерімен шұғылданатын Жанлука Кларенца үшін Қазақстанның табиғаты мен адамдары таптырмас тақырып болды. Өндірістің қауырт қарқыны мен шұғыл шешім қажет ететін 12 сағаттық ауыр жұмысынан соң қыл қаламмен өзіне ұнаған этюдтарын салып, демалуды жөн көреді. Ол өзінің туған інісі Марчелло Кларенцаның Италиядағы белгілі суретші, өнер қайраткері екенін де мақтанышпен айтып, ол туралы Интернет бетіндегі сайтты көрсетеді.

Алғаш келген кезінде сурет өнеріне қызығатын жергілікті әріптестерінің өтініші бойынша ол өз қалауымен көркем сурет мектебін ұйымдастырды. Өз қаржысына бояулар, қағаз, қыл қалам, қарындаштар әкеліп жұмыстан тыс кезінде сурет салу өнерінің қырсырын үйрете бастады. Келушілер ерікті болғандықтан мектептегі оқушылар саны да жиі өзгеріп тұратын, кейде олар өз таныстарын да ерте келетін. Ақсайдағы өнер мектебінде осылайша басталған бұл таныстық Жанлукаға көптеген достар табуына көмектесті. Орыс тілінен де, қазақ тілінен де хабарсыз Жанлукаға алғашқы кезде өз оқушыларымен тіл табысу біраз қиындық тудырғанмен, екі жаққа да түсінікті өнер тілі өзара жақындастыра түсті. Өзі де еңбекқор Жанлукаға осы мәселе тағы бір идея берді. Ол

өз оқушыларының итальян тіліне қызығушылығын көріп, енді итальян тілі мектебін ашты.

Бәріміз еңбек ететін КИО компаниясында ағылшын тілі жұмыс тілі ретінде қолданылатындықтан ондағы Оқу орталығында ағылшын тілін оқыту жақсы жолға қойылған еді.

Ал, Жанлуканың итальян тілі мектебі оның өз еркімен, жұмыстан тыс уақытында ұйымдастырған бастамасы болатын. Көп ұзамай қоғамдық негіздегі ақысыз итальян мектебі көпшілікке танымал бола бастады. Қазір оның құрамында 70-тен астам оқушы бар. Олар тілді меңгеру деңгейіне қарай бірнеше топқа бөлінген. Қазір оған КИО компаниясы да түсіністікпен қарап, итальян оқулықтарын алдыртып, сабақ өтетін жер бөліп көмектесуде. Жанлуканың өз тіліне деген құрметі, ақысыз-пұлсыз, бос уақытын басқаларға итальян тілін үйретуге арнауының жерлесі Джузеппе Орландоға да өсер етіп, қазір ол да Жанлукаға көмектесіп, бірнеше топқа сабақ беріп жүр. Джузеппе де қазақ жерінің тарихына қызыға қарайтын жан, әсіресе, қорғандар мен ескі өнер ескерткіштері, ондағы таңбалардың символдық мәні оны ерекше тартады.

Жергілікті халықтың ауыр тұрмыс жағдайын көріп, түсіне білетін Жанлука қайырымдылық ісімен де айналысады. Ол өзінің

қолы боста салған кейбір картиналарын төуір бағаға сатып, түскен қаржының бәрін Оралдағы жетім балалар үйіне аударып тұрады. Осы қайырымдылық ісі үшін компания басшылығы оған алғыс-хат жариялады.

Жақында Жанлуканың суретшілігінен хабардар болған Қоршаған орта мен қауіпсіздік техникасы департаменті оның қоршаған ортаны қорғау тақырыбына арналған буклетті әзірлеуге қатысуын сұрады. Ол келісіп, жоба дайындауға келісімін де берді. Және ол бұл еңбегі үшін еш ақы сұрамайтынын айтты. Бірақ, ақысыз еңбек болмайды ғой деген бастық уәжінен соң Жанлука қандай сом болса да барлығын жетім балалар үйінің есебіне аударуды өтінді.

Жақында ол өзінің қазақстандық таныстарының 6 мен 13 жас аралығындағы балаларының салған суреттерін жинап алды. — Қандай талантты елсіңдер! — дейді ол маған бірнеше суретті көрсетіп, — мен бұл суреттерді Италияда шығатын журналға бастырамын, сіздің ел туралы, оның талантты балалары туралы айтамын дейді.

Менің ойыма қазіргі қазақ тілінің жайы мен оны жерлеуге асығып отырған орыстiлдi қазақтардың әрекетi еске түстi. Тек жиын-тойдың төрінен табылып, қаржы сұраудан жалықпайтын "Қазақ тілі" қоғамының белсенділерінің арасынан Жанлукадай бір азаматтың шықпауы ойландырады. Ал, егер еріктілер табылып, бір адам ең болмаса үш-бес адамға қазақ тілін тегін үйретсе, нұр үстіне нұр болмас па еді?

Сейіл ХАН,
Ақсай қаласы,
Батыс Қазақстан облысы.

Sincerely joyous GianLuca

This is the person who is always smiling and everybody knows him in Karachaganak Field. The people know that he likes to be called as Luca and various people in various languages greet him "Hello Luca". Sometimes it is difficult for him to recall where he has got acquainted with this or that person. And it is reasonable.

GianLuca Chiarenza – an Italian citizen who stepped onto Kazakh Land three years ago for the first time. He is interested in people, in culture and arts, so he has found many friends here. At leisure GianLuca used to spend his time painting, so Kazakhstan nature and Kazakh people are the most valuable theme for him.

After 12 hours of operational pace and instant availability at the work site and after a hard working day he takes a painting brush in hands and likes to paint his most lovely sketches having a rest like this. He is always proud of his brother Marcello Chiarenza, one of the famous painters and a cultural worker in Italy and shows an Internet site about him.

For the beginning he organised an art school as per the requests of his colleagues who is interested in drawing and painting. He bought paints and paper, brushes and colour pencils and began teaching how to paint. School attendance is voluntary and free of charge so there are many students and sometimes they come with their friends. This acquaintance in Aksai art school let Gianluca make many friends. At the beginning it was very hard to understand each other because GianLuca doesn't know either Russian or Kazakh but they gained mutual understanding with the help of art. Being a diligent person, an idea came to GianLuca's mind. He noticed that many of the students and his friends are interested in the Italian language and he arranged a school of the Italian language.

In KIO company where we work all together a communication language is English. So learning English is arranged in the Training Centre.

GianLuca's Italian school is just his initiative and functions only after a working day.

In short time a free public school has become very popular among the people. Now there are more than 70 students there to learn Italian. As per their language mastering they are divided into several groups. Now KIO company realises and helps them to get some textbooks and makes a room for the classes to be conducted. The respect to his native tongue has impressed GianLuca's friend Giuseppe Orlando, his colleague. Now Giuseppe is conducting the lessons in several groups. Giuseppe is also interested in the history of Kazakh Land. In particular, it is very interesting and captivating for him to learn the history of old fortresses and art memorials and signs on them.

GianLuca sees the hard life of residential population and he concerns himself with charity deeds. Sometimes he sells one his pictures and gained money he gives to orphan's home in Uralsk. He has got a letter of gratitude from Company Management.

Recently HSE Department has requested GianLuca to take part in making a booklet dedicated to safety. Of course, he accepted the offer. He requested not to pay any money for his job, but transfer to the orphanage.

Recently GianLuca has collected all the pictures of the children of ages 6-13.

He surprises telling me that the people are so talented, showing me some of the pictures.

I shall show these pictures in Italy and hope they will be published in an Italian journal and tell them about your country and talented children.

I recall the status of the Kazakh language and Russian speaking Kazakh people's attitude towards it. It is a shame that "The Kazakh Language" Society representatives take part in all festivals and ask always for financial help. Why there is not any person like GianLuca among those representatives? If there is any volunteer to teach the Kazakh language for five-six persons it will be a great deed for everyone.

Seilkhan Mustafa